

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгрия Республикасы Үкіметінің арасындағы Ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдары мен психотропты заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 сәуірдегі N 652 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылғы 7 қазанда Будапештте қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгрия Республикасы Үкіметінің арасындағы Ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге, есірткі құралдары мен психотропты заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімін белгіленген тәртіппен Венгрия Тарабына хабарласын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгрия Республикасы Үкіметінің арасындағы Ұйымдасқан қылмысқа, терроризммен, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымымен күресудегі ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ

(Келісім 1997 жылғы 25 маусымда күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2004 ж., N 2, 8-құжат)

Бұдан әрі қарай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгрия Республикасының Үкіметі,

1994 жылы 7 желтоқсанда Будапешт қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Венгрия Республикасы арасындағы достық қатынастар және ынтымақтастық негіздері туралы Шарт ережелерін негізге ала отырып, ұйымдасқан қылмыстың, атап айтқанда, есірткі мен терроризмге байланысты қылмыстың тиімді алдын-алу және күресу мақсатында ынтымақтастық аса маңызды болып табылатынына көз жеткізе отырып,

екі тарап та мүшесі болып табылатын халықаралық конвенциялардың шарттарын ескере отырып, бүкіл дүниежүзінде есірткі құралдары мен психотроптық заттарды теріс пайдаланудың өсуін, олардың заңсыз айналымын қауіпті деп есептей отырып,

өздерінің терроризммен тиімді күрес жүргізуге бірлескен ерік-жігерлерін дәлелдей
о т ы р ы п ,
төмендегі мыналар жөнінде келісті:

1-бап

Тараптар оларды болдырмау және ашуды қоса алғанда, ұйымдасқан қылмыс пен қылмыстың басқа қауіпті түрлерімен күрес саласында өздерінің ішкі мемлекеттік заңдары шеңберінде ынтымақтасады.

2-бап

(1) Тараптардың ынтымақтастығы қылмыспен күреске, айрықша, ұйымдасқан қылмыспен күреске таратылады.

(2) Ынтымақтастық мақсатында:

1. Тараптар қылмыспен күрестің әртүрлі салаларында және криминалистік техника жөнінде өзара ақпараттар алу үшін мамандармен алмасады.

2. Ынтымақтастық шеңберінде Тараптар:

- ұйымдасқан қылмыс шеңберінде жасалған қылмыстарға қатысы бар адамдар, айрықша, олардың ұйымдастырушылары туралы мәліметтермен;

- қылмысты топтар, құрылымдар, байланыстар және оларға қатысушылардың әдеттегі жүріс-тұрысы туралы ақпаратпен;

- қылмысты жасау жағдаяттары туралы, атап айтқанда, қылмысты жасау уақыты, орны және әдісі, қастық ойланған объектілер, ерекшеліктер туралы, сондай-ақ қылмыстық заң нормаларын бұзу және қабылданған шаралар туралы ақпараттармен алмасады.

Т а р а п т а р :

3. Сұранымдар бойынша сұратушы Тарап заңымен рұқсат етілген іс-қимылдарды жүзеге асырады.

4. Шұғыл іздеу шараларын жүргізу кезінде өзара қызметтенеді және осы мақсатпен келіскен іс-қимылдарды жүзеге асырады және өзара мамандық, материалды және ұйымдастырушылық көмек көрсетеді.

5. Жұмыс тәжірибесімен, атап айтқанда, ұлтаралық қылмыстың кең таралған әдістері туралы, сондай-ақ қылмысты жасаудың жаңа ерекше нысандары туралы ақпараттармен алмасады.

6. Криминалистика және криминология саласындағы ғылыми зерттеулер нәтижелерімен алмасады.

7. Қылмыс нәтижесінде қолға түскен немесе қылмыс жасау үшін қолданылған, сондай-ақ теріс пайдалану мақсатында пайдаланылған нәрселер үлгілерін бір-біріне береді.

8. Мамандардың мамандық дәрежесін бірлескен немесе өзара көтеру үшін алмасуларды жүзеге асырады және ұйымдасқан қылмыс пен қылмыстың басқа да қауіпті түрлерімен күресу саласында кәсіпқойлықты көтеру үшін қызметкерлерге тағымдар ұйымдастырады.

9. Қажет болған жағдайда бірлескен шараларды дайындау және жүргізу үшін алдын ала ашу сатысындағы нақты қылмыстық істер бойынша жұмыс кездесулерін өткізеді.

3-бап

Есірткі құралдары мен психотроптық заттарды заңсыз өсірумен, дайындаумен, алумен, әкелумен, әкетумен, транзитті алып жүрумен, сондай-ақ оларды астыртын сатумен күресу мақсатында Тараптар өздерінің ішкі мемлекеттік заңдары шеңберінде, ең алдымен:

1. Есірткі құралдарды дайындауға, жасырын таратушылыққа немесе оларды сатуға қатысы бар адамдар туралы, жасыру орындары, көлік жолдары мен құралдары, жұмыс әдістері, есірткі құралдары және психотроптық заттардың шығу орындары мен жеткізілу пункттері, сондай-ақ бұл әрбір жеке жағдайда қоғамдық қауіпсіздікке айтарлықтай қауіп төндіретін қауіпті қылмысты ашу үшін немесе алдын алу үшін қажет болса, істің айрықша детальдары туралы деректермен алмасады;

2. Теріс пайдалану мақсатында пайдаланылатын өсімдік, сондай-ақ синтетикалық тектес есірткі құралдарымен және психотроптық заттардың үлгілерін бір-біріне береді;

3. Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңды айналымын, сондай-ақ оларды заңсыз жолмен дайындау үшін қажетті негізгі және бастапқы шикізаттарға бақылау саласындағы жұмыстар тәжірибесімен алмасады;

4. Тараптар осылай деп таныған есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңды айналысынан заңсыз қол сұғушылықты, сондай-ақ оларды заңсыз әзірлеуге қажетті негізгі және бастапқы шикізаттарға заңсыз әзірлеуге қажетті негізгі және бастапқы шикізаттарға заңсыз қол сұғушылықты болдырмауға бағытталған шараларды бірлесіп жүзеге асырады;

5. Есірткі құралдар мен психотроптық заттарды заңсыз әзірлеуге қарсы күрес жөніндегі шараларды бірлесіп жүзеге асырады.

4-бап

Терроризммен күрес мақсатында Тараптар өздерінің ішкі мемлекеттік заңдарының шеңбері ретінде ақпарат, атап айтқанда, жоспарланып жатқан және жасалған террорлық әрекеттер, оларды жүзеге асырудың нысандары мен әдістері туралы, сондай-ақ екінші Тараптың аумағында басқа Тараптың мүдделеріне қарсы іс-әрекет жоспарлап отырған, жасап жатқан немесе жасаған террорлық топтар туралы ақпарат алмасады.

5-бап

Осы Келісім шеңберінде берілетін адамдар туралы деректерді қорғау үшін әрбір Тарап үшін қолданыстағы құқықтық нормаларды сақтай отырып, Тараптар мынадай ережелерді басшылыққа алады:

1. Алушының деректерді пайдалануына оны беруші Тараптың көздеген мақсаттары мен талаптарына сәйкес қолдануға ғана рұқсат етіледі;
2. Деректерді алушы сұрау салған жағдайда беруші Тарапқа оларды пайдалану және осыған байланысты алынған нәтижелер туралы хабарлайды;
3. Жеке адамдар туралы деректерді ұйымдасқан қылмыспен, есірткі бизнесімен және терроризммен күрес жөніндегі құқық қорғау және құзыретті органдарға ғана беруге болады. Өзге органдарға одан әрі қарай тапсыру тек қана оны беруші органмен алдын ала келісу арқылы ғана жүзеге асырылады;
4. Беруші орган жеке адам туралы берілетін деректердің дұрыстығын қамтамасыз етеді, олардың мақсаттары мен өтініші шегінде және соларға сәйкес берілуі қажеттілігіне көз жеткізеді. Мұндай жағдайда ішкі мемлекеттік заңдар негізінде қолданылатын ақпарат беруге тыйым салу ескеріледі. Егер дұрыс емес деректер немесе берілуге жатпайтын деректер берілген жағдайда алушы орган бұл жайында тез арада хабардар етіледі. Алушы орган бұл деректерді түзетуге немесе жойып жіберуге міндетті;
5. Мүдделі адамға оның өтініші бойынша оған қатысты деректер туралы, сондай-ақ оларды пайдалану мақсаты туралы анықтама беріледі. Егер қолданыстағы ішкі мемлекеттік заңда мұндай анықтаманы міндетті түрде беру көзделмеген жағдайда ол берілмейді. Жеке сипаттағы деректерді беруге қатысты барлық жағдайларда Тараптар оны беруші Тараптың ішкі мемлекеттік заңдарының ережелерін басшылыққа алады;
6. Деректерді жолдау кезінде беруші орган оларды қолданыстағы заңдарға сәйкес жою мерзімін көрсетеді. Бұл мерзімдерге қарамастан, жеке адамдар туралы алынған деректер олардың берілу мақсаты орындала салысымен-ақ жойылуы тиіс. Деректердің жойылғаны және олардың себептері туралы беруші Тарапқа тез арада мәлімделеді. Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған кезде берілген деректер кешіктірілмей жойылады;
7. Жеке адамдар туралы деректерді беруші және алушы органдар олардың берілуін және қабылдап алынуын тіркеуге міндетті;
8. Жеке адамдар туралы деректер алушы органдар берілген ақпараттың бөгде адамдардың қолына түспеуден, оны өзгертуден және жария етуден дұрыс қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

6-бап

Осы Келісімді орындау мақсатында барлық байланыстар орталық құзыретті органдар арасында тікелей жүзеге асырылатын болады.

1. Орталық құзыретті органдар мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасы жағынан:

- Мемлекеттік тергеу комитеті,
 - Ішкі істер министрлігі,
 - Ұлттық қауіпсіздік комитеті,
 - Денсаулық сақтау министрлігі,
 - Мемлекеттік кеден комитеті,
- Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі мемлекеттік комитет;
- Венгрия Республикасы жағынан:
- Ішкі істер министрлігі,
 - Халық тұрмысын жақсарту министрлігі,
 - Республикалық Полиция бас басқармасы,
 - Республикалық Шекара әскерлерінің қолбасшылығы,
 - Мемлекеттік қаржы және кеден басқармасы.

2. Орталық құзыретті органдар ынтымақтастық жөніндегі жекелеген хаттамалар жолымен ынтымақтастық әдістерін және байланыстарды қолдау тәсілдерін ескере алады.

7-бап

(1) Осы Келісімде көзделген ынтымақтастыққа жәрдемдесу және оны бағалау үшін Уағдаласушы Тараптар құрамында әрбір Тараптан үш адамнан болатын Аралас комиссия құрады. Аралас комиссияның құрамы туралы Тараптар бір-біріне дипломатиялық жолмен хабарлайды. Қажеттілігіне қарай аралас комиссия өздері тағайындайтын сарапшыларды тарта алады.

(2) Аралас комиссия мәжілістерін қажеттілігіне қарай Тараптардың кез келгенінің көтерген бастамасы бойынша өткізеді.

8-бап

Егер Тараптардың біреуі жіберілген өтінішті орындау немесе өзара бірлесіп әрекет ету шеңберінде нақты шараларды жүзеге асыру оның егеменді құқықтарына қысымшылық көрсетуі, қауіпсіздігіне немесе басқа да маңызды мүддесіне қатер төндіруі мүмкін деп, өзінің ішкі құқық тәртібінің принциптерін бұзады деп санайтын болса, онда көмектесуден немесе бұл шараларды орындаудан толық немесе ішінара бас тартуы мүмкін, немесе белгілі бір талаптар қойылуы мүмкін.

9-бап

(1) Уағдаласушы Тараптар білікті ақпаратты және егер Уағдаласушы Тараптардың біреуі ішкі мемлекеттік заңдарына сәйкес оларды құпияға жатқызатын болса, сондай деректерді қорғауды қамтамасыз етеді.

(2) Тараптардың осы Келісім шеңберінде алған құжаттамаларын, ақпаратын, деректері мен техникалық жабдығын оны беруші Тараптың құзыретті органдарымен алдын-ала келісімсіз үшінші Тарапқа беруге болмайды.

10-бап

Осы Келісімнің ережелері Қазақстан Республикасы мен Венгрия Республикасының өзге де халықаралық келісімдерінен туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

11-бап

(1) Осы Келісім Тараптардың өзара нотификациясынан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

(2) Осы Келісімге ноталар алмасу жолымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

(3) Тараптардың кез келгені дипломатиялық арналар арқылы жазбаша мәлімдеу жолымен Келісімнен бас тарта алады. Келісім қолданысының тоқтатылуы екінші Тараптың тиісті нотаны алғанынан кейін алты ай өткен соң күшіне енеді.

Будапешт қаласында 1996 жылғы 7 қазанда екі данада, әрқайсысы қазақ, венгер және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіннің де күші бірдей. Қазақ мәтіні мен венгер тіліндегі мәтінді түсіндіруде пікір алшақтықтары туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін негізгі болып есептеледі.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Венгрия Республикасының

Үкіметі үшін